



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ӨОЖ 821.581'01

ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚЫТАЙ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Салық Жұмабек

Salik_jumabek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қытай филологиясы
кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Ежелгі дәуірде, Қытайда көптеген ауызша аңыз, әңгімелер болды. Осы аңыздар қытай романының шығу қайнары болып табылады. Кейінірек кейбір тарихи әдебиет шығармалар мен аңыз әңгімелер пайда бола бастады, оларда негізінен әңгімелердің сюжетімен кейіпкерлердің бейнесі сипатталады. Осы шығармалардың кейіпкерлері романның шығуына жол ашты.

Көркем әдебиет Вей Цзин, Хан Бей дәуірінде туындады. Сол кезде бір таңғажайып романдар пайда бола бастады, классикалық тұрғыда Құдай, жын-шайтан және халық арасында көп тараған аңыздар жазыла бастады. Тағы бір түрі халықты шабыттандыратын көркем әдебиет, көбінесе шынайы болған оқиғаларды жазады. Осы екі көркем әдебиет өте қысқа жазылған, бірақ әңгімелерінің сюжеті толық әрі анық сипатталған. Таң дәуірі кезінде аңыз көркем әдебиеттер шыға бастады, ол қытай көркем әдебиетінің жетілгендігінің белгісі еді. Таң дәуіріндегі аңыз көркем әдебиеті мазмұны кең болды, махаббат туралы және тарихи әңгімелер маңызды тақырыптарға айналды. Сонымен қатар көркем әдебиетінің бет саны көбейіп, сюжеті өте жанды, адамдардың образы өте анық бола бастады.

Таң дәуірінде Вэнъянь көркем әдебиеті поэзия мәдениетінің ортасында дамып жетіліп, поэзияның жан-жақты әсеріне ұшырады. Көркем әдебиетті жаратушылар және оны қабылдаушылар бір дәуірдегі ақындар болды, олар көркем әдебиетке поэзияның рухы және қызығушылығымен мәміле жасап, жаңа көркем әдебиет көзқарасын ортаға қойды, сонымен бірге көркем әдебиеттің эстетикалық сулулық ерекшелігіне назар аударды. Олардың көркем әдебиетке поэзиялық үндестікті тікелей енгізуі, сонымен қатар кейіпкер жасау, оқиға жобалау, ортаны бейнелеу, атмосфераны және қою сезімді тарату қатарлыларды бір тұлғаландыруы, және көркем әдебиетпен поэзияны тоғыстыру арқылы, көркем әдебиеттің сулулығын арттыруы, көркем әдебиетке деген әуесті арттыруы, тартымды сөздер пайдалануы, эвфемизмдік әңгімелеуі, эмоциялық қызығушылықты арттыруы қатарлы эстетикалық ерекшеліктерді қалыптастыруы, қытай ежелгі көркем әдебиеті ұлттық формада дамып жетілгендігін көрсетеді. Таң дәуірінің көркем әдебиеті сол замандағы әдебиетшілерді бай әрі көп мазмұнды поэзиялық қимылдарды сақтады, таң поэзиясы сияқты таң адамдарының алға басар оптимистік рухын көрсетті, таң адамдарының шындыққа, мейірбандыққа, сулулыққа деген талпылысын әйгіледі, сол себепті Таң дәуірі әдебиетінің үздік уәкіліне айналды. Қытайдың қысқа романдары, Таң дәуірінен бастап дами бастады, сол кезден бастап әдемі әңгіме және толық құрылымды шығармаларды тарата бастады. Осы әдеби өнердің дамыған кезеңнен бұрын, бізде өте әдемі және әсерлі әңгімелер, ертегілер пайда бола бастады, мүмкін толық романдар бар, бірақ көп сандысы сақталған жоқ. Таң дәуірінен бұрын сақталған әңгімелер мен аңыздарға қарағанда, олардың бір бөлігі ежелгі дәуірдің мысалдарымен ажыратып қарауға болмайды, олар әңгіме мен аңыздарды дәйексөз етіп қолданды, кейбір философтардың пікірлерін түсіндірді; басқа бір бөлігі діншілдер, будда діні, дао ілімі және Қытайдың көне діндеріне шақыратын насихат сөздерді қолданады. Оларда да көптеген әңгімелер мен аңыздар қолданылады, олар былай деп түсіндіреді: діншіл адам жанға немесе Будданың қорғауына ие болып, қиыншылықтарды жеңіп, бақытқа кенеледі, ауруларынан айығады әрі шайтандары кері шегінеді, ал дінсіз адам болса, керісінше, қайғы мен әр түрлі

ауруларға кездеседі, одан бөлек тозаққа түсіріледі де онда жан түршігерлік жазалауға ұшырайды. Тағы бір бөлігі - ол адамдардың жер бетінде жасаған жақсы істері мен әдемі сөздерінің, күлкілі іс-әрекеттерінің жазбалары; ең әйгілі “世说新语” кітабының уәкілі іспеттес. Арнайы жазылған “Күлдіргі әңгімелерінің” тағы басқа да томдары бар. Сонымен қатар, бірнеше әңгімелер мен аңыздар бар, оларда періштелер мен жын-шайтандар жайлы жазылған, одан басқа өзге халықтардың мінезі жайлы жазылғандары да бар.

Осы ғасырдағы таң дәуірінің көркем әдебиетті зерттеу 20 жылдары басталды. Шығарманы жинастыру жағынан, немесе көркем әдебиет теориясын зерттеу жағынан болсын, Лу Шунды Таң дәуірі көркем әдебиетін зерттеудің негізін қалаушы деп қарауға болады. Ол алдымен көркем әдебиетке деген көне жеңіл идеяларды жойды, 1920 жылы маусым айынан бастап, Бейжің университетінде қытай көркем әдебиет тарихы жайында баяндама жасады. 20 жылдары «қытай көркем әдебиетінің қысқаша тарихы», «қытай көркем әдебиетінің тарихи өзгерісі» қатарлы көркем әдебиеттік жинақтарды жазды, ол тағы «көркем әдебиеттің көне көшірмесі» және «Таң Соң дәуір аңыздар жинағы» кітаптарын баспадан шығарды. Бұның ішінде таң дәуірі бөлігіндегі жетістіктер көп болған «қытай көркем әдебиетінің қысқаша тарихы» кітабы таң дәуірі көркем әдебиетіне системалы зерттеу жүргізуге бастамашылық рөл көрсетті. Осы ғасырдағы біршама ерте жарық көрген, біршама сенімді Таң Суң аңыздары жайындағы талдамалы кітап болып табылатын «Таң Суң дәуір аңыздар жинағы» кітабы сол кездегі таң дәуірі көркем әдебиетін зеріттеуге және жалпыластыру қызметіне қозғаушы күш болды.

Суң дәуірінде қалалық тұрғындар жиі шайхана, мейрамханаларға барып, сондағы халық арасындағы өнер адамдарының әңгімелерін тыңдауды ұнатқан. Осылайша, ауызекі тілді қолданып жазылған романдар пайда болды. Қолжазба жазулардың алғашқылары баяндаушы адамның өнер көрсетуі кезіндегі қолданған мәтіні бойынша жазылған, кейінірек олар жалпы ұлттық әдебиетке айналды. Суң дәуірі қолжазба романдарының көлемі жағынан қысқалары да, көлемі үлкендері де бар. Қысқа романдарда көбінесе қала өмірі бейнеленеді, онда негізінен махаббат туралы әңгімелер баяндалады да, басты кейіпкерлері әйелдер, саудагерлер, қолөнершілер секілді қарапайым адамдар болса, ал ұзын романдардың баяндайтыны – тарихи әңгімелер. Суң дәуірінен бұрын романдарды жазуда Вынян жазуын пайдаланса, ал Суң дәуірінде Байхуа тілін қолданды. Ауызекі сөйлеу тілі өте жанды, жалпы жұрт арасында ұғынуға оңай болғандықтан, көпшіліктің мақұлдауына ие болды.

Суң дәуіріндегі Байхуа романдарының пайда болуы Қытай романдарының дамуы тарихындағы үлкен оқиға, оның ауызекі тілдік формасы, сонымен қатар кейінгі Мин және Цинь дәуірлерінде романдардың гүлденуі жаңа бір жолдың негізін қалады. Мин және Цинь дәуірлері – романдар дамуындағы биік шыңға жеткен кезең. Мин және Цинь дәуірлерінде романдар бұрын-соңды болмаған өркендеуге қол жеткізді, бұл дәуірлер жүзден астам тамаша көлемді романдар мен көптеген қысқа романдарды тудырды. Қытайдың төрт ұлы шығармасы: «Үш патшалық туралы роман», «Су бойында», «Батысқа саяхат», «Қызыл сарай түсі» - барлығы да осы кезеңнің көрнекті жетістіктері.

«Үш патшалық туралы роман» Қытайдың ең ежелгі тарихи романы, оны Луо Гуаньчжун тарихи материалдар мен халық аңыздарына сәйкес жазған. Бұл 120 бөлімнен тұратын роман батыс Хан дәуірінің соңғы жылдары мен Үш патшалық кезеңіндегі Цао Цао, Лю Бей, Сун Чуан секілді үш феодалдың саяси және әскери күресін сипаттап, сол кездегі қоғамдағы тәртіпсіздікті көрсетеді. Луо Гуаньчжун соғыстарды бейнелеуге өте шебер, үлкенді-кішілі 40тан астам соғысты өте әсерлі суреттеген, солардың ішінде «Қызыл құздағы соғысты» керемет жазған. Автор 8 бөлім бойы жанды түрде ұлы соғыс майдандарын, көптеген адамдарды, күрделі қайшылықтар мен қаһарлы шайқастарды, бұралаң жағдайлар мен адамды тебіренерлік көріністерді сипаттайды. Романда 400 ден астам адамдар кездеседі, көптеген адамдардың мінезі анық көрсетіледі, мысалы Джугы Лияңның ақылдылығы, Джан Фейдің батылдығы, Гуан Үйдің адалдығы, Цао Цаодың айлакерлігі – барлығы да оқырманға терең әсер қалдырады.[1,186].

«Су бойында» бұл – Минь дәуірінің батырлар туралы романы, ол Байхуа тілін қолданып жазылған. Ші Наян оны Солтүстік Сун дәуіріндегі халық арасында тараған Сун Жияң бастаған шаруалар көтерілісі жайындағы әңгімелерге сүйеніп, өндеп жазған. Романда осы шаруалар көтерілісінің барысы, оған қатысқан 108 ержүрек батырлар бейнесі көрсетіліп, шаруалардың рухани күресі мадақталады. Кітаптағы У Сун, Лин Чун, Ли Куэй, Лу Чжишын секілді адамдар қытайлықтардың рухани батырларына айналды. «Су бойында» романының 120 бөлімнен, 100 бөлімнен, 71 бөлімнен тұратын әр түрлі нұсқалары бар.

«Батысқа сапар» - Минь дәуірінің аңыз-әңгімелік романы, ол У Чшынынның тақуа Таң Сыңынның әңгімелеріне сүйеніп жазылған шығармасы, барлығы 100 бөлімнен тұрады. Романда Сун Укоң, Джу Бажие, Ша Ужиңнің Таң Сыңды қорғап, батысқа саяхат жасаған кезіндегі өткізген қиыншылықтары бейнеленеді, жолда олар 81 қиындыққа кезігеді, әр түрлі жын-шайтандарды жеңіп, ақыры буддалық мүсінді кері қайтарады. Роман таңғажайып бейнелі түрде жазылған. Оқырмандарға ең ұнайтын кейіпкер – маймылдар патшасы Сун Укоң, ол көптеген қабілеттерге ие, 72 түрлі өзгере алады, әрі батыр, әрі тапқыр, ештеңеден қорықпайды. Сун Укоңның аспан патшалығындағы төңкерісі, айдаһарлар патшалығындағы байлыққа кенелуі, ақ сүйекті шайтанға соққы беруі халық арасында әйгілі. Сун Укоң ол бір аңыздық батыр, оның бейнесі, шын мәнінде феодал-басқарушыларға деген халық қарсылығын, батыл күресу рухын бейнелейді.

«Қызыл сарай түсі» - Қытайдың ежелгі замандағы аса көрнекті романы. Ол Чин дәуірінде Байхуа тілінде жазылған, ол бір ақсүйек отбасыдан шыққан қыз бен жігіт Жия Бауүй мен Лин Дайүйдің қайғылы махаббатын орталыққа ала отырып, Жия, Уаң, Ші, Бо сияқты төрт ақсүйек отбасылардың биліктен айырылу барысын, феодалдық тәрбие мен феодалдық жүйедегі жүргізілген қателіктерді ашып көрсетеді. Романның құрылымы өте үлкен, ондағы жағдайлар өте күрделі, шебер суреттелген, адамдардың образы өте жанды, бірнеше жүздеген адамдар арасында Жия Бауүй, Лин Дайүй, Бо Баочшай, Фың Жие, Йоу Санжие, Лийоу әже секілді өшпес өнер үлгілері бар. Романның тілі өте бай, табиғи әрі көркем, сөздер өте орынды қоланылған. Автордың білімі терең, «Қызыл сарай түсінде» Қытай мәдениетінің әрбір тұсындағы мәселелерді қозғайды. «Қызыл сарай түсі» Қытай феодалдық заманындағы қоғамының энциклопедиясы аталады.[2,53].

«Қызыл сарай түсінің» 120 бөлімі бар, белгілі әдебиетші Цао Сюечин бастапқы 80 бөлімін жазса, ол қайтыс болғаннан кейін Гау Ы есімді әдебиетші қалған 40 бөлімін жалғастырып жазды. Мин және Чин қос дәуіріндегі қысқа романдар да жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Мин дәуіріндегі атақты Байхуа тілінде жазылған қысқа романдардың сюжеті өте кең, ең бастысы әр топтағы қала тұрғындарының өмірі мен қызығушылықтарын көрсету болды, содан кейінірек «қала халқы әдебиеті» аталып кетті [3, 26].

Чин дәуірінің ең нақышты қысқа романы Пу Сунлиньнің «Аңыз-әңгімелер». Бұл кітапта шамамен 500-ге жуық әңгімелер бар, олардағы басты кейіпкерлер негізінен жақсы және жаман перілер, таң қаларлық сюжеті бар. Шығарма феодалдық қоғамның кейіпсіз бейнесін айқын ашып көрсетеді. Мысалы «Бетперде» әңгімесінде бір шайтан бар, ол әдемі әйелдің бейнесіне келіп, жақсы адамдарды арбауға түсіреді, жасырын мағынасы өте терең. Кітапта сонымен қатар өте шынайы әрі адал жақсы перілер де бар. Шығарма вэньянь жазуымен жазылған, тілі көркем әрі жанды, Қытайдың ежелгі замандағы романдары арасында үлкен жетістікке қол жеткізген шығарма.

Қолданылған әдебиет

- 1.Хан Жиан Таң, Хуа үй білім беру баспаханасы. Қытай мәдениеті.-2013
- 2.Рын Чи Лиан, Шаңхай университеті баспаханасы. По культуре Китая.-2007
- 3.Дуан Чин Фың.Шинжаң баспаханасы. Аңыз-әңгімелер.-2012
- 4.Лоң Ан Жы. Шанши университет баспаханасы. Қытай көркем әдебиеттері.-2005